

ЛЕНИН ТУУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 56 (9118) | 1953 жылғы 15 март Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйым.

Конюхов ауданының алдыңғы қатарлы тракторшы және комбайншы әйелдерінің

Солтүстік Қазақстанның селолары мен ауылдарының барлық қыздары мен әйелдеріне

Х А Т Ы

Қысқабатты жолдастар!

Біздің туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі совет әйелдерінің саяси және мәдени-техникалық дәрежесін арттыру, олардың өмірі бұрынғыдан да гүлденіп, бақытты болуы жөнінде күнбе-күн зор қамқорлық жасап отыр. Осы әкелік қамқорлыққа жауап бере отырып, қал мен деревняның еңбекші әйелдері сүйсініп отанымыздың гүлдене беруі үшін, коммунизм құрылысының табысы үшін барлығын да істеуге ұмтылуды.

Партияның XIX съезінің директивалары социалистік ауыл шаруашылығын жедел өркендетуді, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығынан өнімнің мол қорын жасауды көздейді. Біздің ауыл шаруашылығымыз оның барлық сапаларын тез және жап-жақты механизациялау негізінде өркендеп, нығаюда.

Еліміздің барлық облыстары сыяқты, Солтүстік Қазақстанның селолары мен ауылдарына да қуатты ауылшаруашылық техникасы келуде. Бұл техниканы тиімді пайдалану керек болады. Барлық дақылдардан мол өнім алудың, мал басын бұдан былай да көбейтіп, қоғамдық мадның өнімділігін арттыра берудің кепілі осында.

Сүйсініп көсеміміз және ұстазымыз ұлы Сталин әйелдер — колхоздарда үлкен күш деген болатын. Сансыз көп ауылшаруашылық машиналарын толық қуатымен пайдалану үшін көптеген колхозшы әйелдердің және совхоздардың жұмысшы әйелдерінің тракторшы, комбайншы және басқа механизатор мамандықтарын меңгеруінің зор маңызы бар.

Біз, Конюхов ауданының тракторшы және комбайншы әйелдері жыл сайын мемлекеттік тапсырмаларды ойдағыдай орындап, жанармай мен айна қаражатын үнемдеуге жетісін жүрміз. Егін даласында қажырлы еңбек етуіміз өзіміздің мәдени және саяси дәрежемізді үнемі арттырып отыруға, өз шаруашылығымызбен шұғылданымызға кедергі жасамайды. Біздің көшпелілігіміз аялдармыз. Трактор мен комбайндарда жұмыс істеудің біз үшін кедергісі жоқ, қайта ол ана бақытымыз бұрынғыдан да арттыра түседі. Балаларды дұрыс тәрбиелеуге мүмкіншілік береді.

Біз, селолар мен аумақтардың қыздары мен әйелдерін ауыл шаруашылығын механизаторлық құрметті мамандығын меңгеруге шақырамыз. Жүздеген және мыңдаған тракторшы, комбайншы әйелдер және басқа механизатор әйелдер — үлкен күш, бұл күш облыс колхоздарына, МТС-тері мен совхоздарына бесінші бесжылдық та олардың алдында тұрған міндеттерді аброймен жүзеге асыру жөнінде көмектеседі.

Солтүстік Қазақстанның селолары мен ауылдарының әйелдері және қыздары! Ауыл шаруашылығы механизаторларының қатарын көбейтейік, колхоз және совхоз өндірісін өркендету жолынан күш-жігерімізді аямайық!

Т. МАТЮХИНА — Суворов МТС-нің тракторшысы, облыстық Советтің депутаты.

- Н. РЫКОВА — Суворов МТС-нің тракторшысы.
- Л. ПЕТРОВА — Чистян МТС-нің комбайншысы.
- М. САДОВСКАЯ — Чистян МТС-нің комбайншысы.
- В. ГЛАЗУНОВА — Чистян МТС-нің комбайншысының көмекшісі.
- А. МИХАЙЛИНА — Чистян МТС-нің комбайншысының көмекшісі.

Совет искусствосының досы

Заманымыздың асқан ұлы адамы, еңбекші халықтардың көсемі, көмеңгер әкеміз және досымыз Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың қайтыс болуы совет халқына және бүкіл дүние жүзі еңбекшілеріне қатты батқан, орны толмайтын ауыр қаза болды.

Совет халқымен бірге совет искусствосының қызметкерлері де жүрек тебренген бұл орасан зор бақытсыздыққа душар болды. Әрбір совет адамның басынағай қайғы мен қасіретті тілмен айтып жеткізу қиын.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бергі жылдардың ішіндегі совет искусствосының тамаша жетістіктері, совет искусствосы адамдарының тамаша өсуі көсеміміз Сталин жолдастың есімімен тығыз байланысты. Сталин жолдас дүние жүзіндегі ең революцияшы, ең озат совет искусствосын социалистік қоғам орнатушы еңбекші халықтың тілегіне қызмет істеуге жұмылдырды. Ол ақылды бақпаныдай совет искусствосының талантты кадрларын тәрбиелеп өсірді.

Сталин жолдастың тікелей басшылығымен қабылданған совет әдебиеті мен совет искусствосы мәселелері жөніндегі партиямыздың Орталық Комитетінің тарихи қарарлары совет адамдарының еңбек сүйгіш, бейбітшіл, болашаққа үлкен сеніммен қарайтын ұлшық бейнесерін айқып, анық көрсетудің программасы болды. Сөйтіп, совет әдебиеті мен совет искусствосындағы кемшіліктер мен бұрмалаушылықтар жойылып, біздің халықпен біте қайнасқан әдебиетіміз бен искусствомыз жаңа белеске көтерілді, үлкен табыстарға ие болды.

Совет искусствосының тамаша табыстарын ұйымдастырған, оны рухтандырған көсеміміз Сталин жолдас қайтыс болды. Бірақ, ұлы Ленинмен бірге ол ұйымдастырған партия, ол жасаған совет мемлекеті, ол жазған асыл мұра барлық совет халықтарын, сол сыяқты, совет әдебиеті мен совет искусствосының қызметкерлерін жаңа табыстарға жетуге жігерлендіре береді.

Ұлы Сталиннің ісі оны сенімді мәжіліс.

Біз партияның бірлігін көздің қарашығындай сақтауға, партияның халықпен тығыз байланысын онан сайын нығайтуға, коммунистер мен барлық еңбекшілерді жоғары саяси қырағылық рухында, ішкі және сыртқы жауларға қарсы күресте мейрімсіз және табанды болу рухында тәрбиелеп отыруға тиіспіз.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Асқан ұлы достық

★
Мао Цзэ-дун
★

Біздің заманның асқан ұлы даңпырғаны, дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың ұлы ұстазы, мәңгі жасайтын Лениннің серігі —

Иосиф Виссарионович Сталин жолдас арамьздан біржолата кетті.

Сталин жолдастың теориялық, сол сыяқты, практикалық қызметі біздің заманымызға баға жетпес үлес қосқандық болып табылады. Сталин жолдас — біртұтас жаңа дәуірдің бейнесі. Оның қызметі арқасында совет халқы және барлық елдердің еңбекшілері бүкіл халықаралық жардйды өзгертті. Мұның өзі әділеттіліктің, халықтық демократия мен социализм ісінің орасан кең көлемде, жер жүзіндегі халықтың үштен бірі — 800 миллионнан астам халық көлемінде жеңгендігі болды. Бұл жеңістің ықпалы бүкіл дүние жүзінің әрбір түкпіріне күн санап таралуда.

Сталин жолдастың қайтыс болуы бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерін ешқандай теңдесі жоқ зор қайғыға душар етті, бүкіл дүние жүзіндегі адал ниетті адамдардың жүректерін қатты тебренгі. Мұның өзі Сталин жолдастың ісінің және оның идеяларының бүкіл дүние жүзіндегі ең қалың халық бұқарасын өзіне тартып, көздің өзінде жеңімпаз күшке айналғанын көрсетеді. Бұл күш көздің өзінде жеңген халықтарды жеңіспен- жеңіске бастауда, онымен бірге бұл күш, азғындыққа белшесінен батқан ескі, капиталистік дүниенің төпкісінде әлі де зар илеп отырғандардың бәрін халық жауларына қарсы бағыл шабуылға бастайды.

Лениннің қайтыс болуынан кейін совет халқы Сталин жолдастың басшылығымен дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетке жарқын, күн сәулелі социалистік қоғам орнатты. Бұл мемлекетті Сталин жолдас ұлы Ленинмен бірге Октябрь революциясы дәуірінде құрды.

Совет Одағындағы социалистік құрылыстың жеңісі тек совет халқының ғана жеңісі емес, мұнымен бірге бүкіл дүние жүзі халықтарының ортақ жеңісі. Біріншіден, бұл жеңіс: марксизм-ленинизмнің ақиқат дұрыстығын өмір шындығымен дәлелдеді, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне бақытты өмірге қарай қалай алға басуды нақтылы үйретті. Екіншіден, бұл жеңіс адамзаттың дүниежүзілік екінші соғыста фашистік аяуанды тапқандау мүмкіншілігін қамтамасыз етті. ССРО-да социалистік құрылыс жеңбегенде, фашизмге қарсы соғыста жеңіске жету мүмкін болмаған болар еді. ССРО-дағы социалистік құрылыс жеңісінің және фашизмге қарсы соғыстағы жеңістің адамзат тағдырына тікелей қатысы бар. Ал, бұл жеңістер даңқының иесі ұлы Сталин жолдас екені даусыз.

Сталин жолдас марксизм-лениндік теорияны барлық жағынан классиктікпен дамытты, марксизмнің дамуында жаңа

біз, қытай коммунистері, Сталин жолдастың ұлы еңбектерінен өзгеріміздің жеңістерімізге жетудің жолдарын тауып отырамыз.

Лениннің қайтыс болуынан кейін Сталин жолдас әрдайым дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың негізгі тұлғасы болып келді. Оның төңірегіне топталған біздер онан үнемі нұсқау алып отырдық, оның шығармаларынан үнемі идеялық күш алып отырдық. Сталин жолдас Шығыстың өзілген халықтарына жалынды тілектестік сөзімін білдіріп отырды. «Шығысты ұмытпаңдар», — Октябрь революциясынан кейін Сталин жолдастың жариялаған ұлы үндеуі осындай болды.

Сталин жолдастың қытай халқының сүйгені, қытай революциясының күштері ұшан-теңіз деп есептегені жашы жұртқа мәлім. Қытай революциясының мәселелерінде ол асқан даңылық көрсетті. Лениннің — Сталиннің ілімін басшылыққа ала отырып, ұлы Совет мемлекетінің және барлық елдердегі барлық революцияшы күштердің қолдауына сүйене отырып, Қытай Компартиясы мен қытай халқы мұнан бірнеше жыл бұрын тарихи жеңіске жетті.

Бүгін біз ұлы ұстазымыз және ең шын досымыз Сталин жолдастан айырылып отырмыз. Бұл — зор қайғы. Бұл қайғының қасіретін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Біздің міндетіміз — бұл қайғыны күшке айналдыру. Ұлы ұстазымыз Сталинді қасиетпен есте сақтай отырып, Қытайдың Коммунистік партиясы мен қытай халқы Совет Одағының Коммунистік партиясымен және совет халқымен бірге, Сталиннің есімі саясиыдағы ұлы достықты үздіксіз нығайта береді. Қытай коммунистері мен қытай халқы өздерінің мемлекетін нығайту үшін Сталиннің ілімін онан сайын күшті қажырлықпен үйренеді, советтік ғылым мен техниканы үйренеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы — Ленин мен Сталин тәрбиелеп өсірген партия, дүние жүзіндегі ең озат, ең тәжірибелі және теория жағынан анағұрлым мықтап қаруланған партия; бұл партия біздер үшін үлгі болды және үлгі болып табылады; ол біздер үшін келешекте де үлгі болып қалады. Маленков жолдас бастаған Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкметі Сталин жолдастың ісін сөзсіз алға апаратындығына, коммунизмнің ұлы ісін алға бастырып, тамаша өркендетіндігіне біз қатты сенеміз.

Совет Одағы бастаған бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің онан сайын тығыз топтасып, қуатты онан сайын алға түсетіндігіне ешқандай күмән болмай, мұнымен бірге

Конюхов ауданы ауыл шаруашылығының механизатор әйелдерінің хаты туралы

Қазақстан КІІ облыстық комитетінің секретариаты қаулы етеді:

Конюхов ауданы ауыл шаруашылығының механизатор әйелдерінің Солтүстік Қазақстан облысының селолары мен ауылдарының барлық қыздары мен әйелдеріне арнаған ауыл шаруашылығының механизатор мамандығын меңгеру жөніндегі хаты мақұлданып.

Қазақстан КІІ аудандық комитеттері, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары механизатор әйелдердің хатын колхозшы әйелдердің,

ССРО-да Иосиф Виссарионович Сталиннің Шығармаларының басылуы

Өзінің бүкіл жарқын өмірін еңбекші халықтың бостандығы мен бақыты жолындағы күреске арнаған данышпан көсем және ұстаз Иосиф Виссарионович Сталинге ерекше зор алғыс сезімі дүние жүзіндегі барлық елдердің жүздеген миллион адамдарының жүректерінде мәңгі сақталды.

Заманымыздың ұлы ойшысы марксизм-ленинизм қазынасына мәңгілік үлес қосты. И. В. Сталин жолдастың классиктік еңбектері елімізде мейлінше көп таралды. Оларды миллиондаған жұмысшылар, колхозшылар, еңбекші интеллигенция оқып үйренуде.

Бүкілодақтық кітап палатасының мәліметі бойынша, ССРО-да И. В. Сталиннің шығармалары 101 тілде тоғыз мыңнан астам рет басылған. Олардың жалпы тиражы — 672,058 мың дана.

И. В. Сталиннің жеке еңбектері сан рет қайта басылды. Әрбір совет адамының қолынан түспейтін кітабына айналған «Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының тарихы. Қысқаша курс» кітабы 301 рет басылды. 55 тілге аударылған «Ленинизм мәселелері» кітабы

МТС және совхоз жұмысшы әйелдерінің жалпы жыйналыстарында талқылап, қыздар мен әйелдерден механизатор кадрларын даярлау жөнінде шаралар белгілеуге міндеттелсін.

Қазақстан КІІ аудандық комитеттері, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары механизатор әйелдер арасында егіс жұмыстарын ойдағыдай өткізу және 1953 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге міндеттелсін.

260 рет қайта басылды. И. В. Сталиннің Советтердің бүкілодақтық төтенше VIII съезінде жасаған ССРО Одағы Конституциясының жобасы туралы баяндамасы 700-ден астам рет басылып шықты. 89 тілде басылған бұл кітапшаның тиражы 67 миллионнан асты. «Совет Одағының Ұлы Отан соғысы туралы» кітап 377 рет басылды.

Иосиф Виссарионович Сталиннің соңғы жылдардағы еңбектері «Марксизм және тіл білімі мәселелері», «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» миллиондаған тиражбен басылды. И. В. Сталиннің Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезіндегі тарихи сөз 44 тілде 60-тан астам рет басылды. Бұл кітапшаның жалпы тиражы — 17.891 мың дана.

Сталиндік данышпандық еңбектер Коммунистік партия мен совет халқына коммунизмнің салтанаты жолындағы күресте жеңімпаздық күш береді. Бұл еңбектер шетелдердің Коммунистік және жұмысшы партиялары үшін, миллиондаған еңбекшілер үшін қуатты идеялық қару болып табылады.

(СОТА).

И. В. Сталин еңбектерінің ССРО халықтарының тілдерінде басылып шығуы

ТБИЛИСИ, Грузия ССР-нің мемлекеттік баспасы И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін грузин тілінде екінші рет басып шығарды.

Совет өкметі жылдарында И. В. Сталиннің Шығармалары жалпы тиражы 7 миллион данаға жуық болып 249 рет басылып шыққан. И. В. Сталин Шығармаларының 13 томы басылып шықты.

МИНСК, Белорус ССР-нің мемлекеттік баспасы И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары»

деген еңбегін белорус тілінде қайтадан басып шығарды. Кітаптың тиражы 15 мың дана.

КАЗАНЬ, И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген классикалық еңбегіне Татарияның 10 мыңдаған еңбекшілері орасан зор көңіл аударуда. Татар тілінде 45 мың дана болып басылып шыққан кітап магазиндерге түсісімен аз уақыттың ішінде сатылып болды. Татар АССР-ның мемлекеттік баспасы И. В. Сталиннің данышпандық еңбегін қайтадан басып шығарды.

тері бастаған Совет Одағы Коммунистік партиясының қолында. Біздің жеңісіміз, өміріміздің қуанышы мен бақыты, біздің елімізде коммунизмнің салтанат құрылдығына шексіз сеніміміз Ленин—Сталин партиясының өмірімен, оның жауынгерлік істерімен тығыз байланысты.

И. РОГАЛЬСКИЙ,

Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі.

Халық анты

Қоштасып халық ұлы көсемімен, Әрқашан ұмытпаққа берді антын. Жүрегінде сақтауға есімі мен Сталиннің бейнесін күндей жарқын.

Өтсе де, жүздеген жыл, талай ғасыр, Әр сөзің, өсиетің есімізде. Тұрғандай бізді бастап өзің көзің, Жаңадан күш қосамыз — күшімізге.

Бейбітшілік туын біз берік ұстап, Бірлікті, Сіз айқандай нығайтамыз, Демократия, социализм жолын нұсқап, Қатарын шын достардың молайтамыз.

Бақытты болашақтың нақ негізі, Ұлы ісің — бастап берген көсем өзің. Көреді күні ертең дүние жүзі, Салтанат құрад бізде коммунизм.

Жүрсін БИТЕБАЕВ.

дәуір бастады. Сталин жолдас капитализмнің өркенді дамуы туралы Лениннің теориясын және социализмнің бір елде жеңу мүмкіншілігі туралы теорияны творчестволықпен дамытты; Сталин жолдас капиталистік системаның жалпы кризисі туралы теорияға, ССРО-да коммунизм орнату туралы теорияға творчестволық үлес қосты, ол кәзіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңын және социализмнің негізгі экономикалық заңын ашып, дәлелдеп берді, отарлар мен жартылай отарлардағы революция теориясына үлес қосты. Сондай-ақ Сталин жолдас партия құрылысы туралы лениндік теорияны творчестволықпен дамытты. Мұның бәрі бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларын және барлық езілген таптар мен халықтарды оған сайын тығыз топтастырды, мұның арқасында жұмысшы табы мен барлық езілген халықтардың өздерінің азаттығы және бақыты жолындағы күресі және бұл күрестің табыстары бұрын болып көрмеген дәрежеде ұлғайды.

Сталин жолдастың барлық шығармалары — марксизмге қосылған мәңгі жасайтын үлес. Оның «Ленинизмнің негіздері туралы», «БЕ(б)П тарихының қысқаша курсы» деген еңбектері, сол сияқты, «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген соңғы ұлы еңбегі — марксизм-ленинизмнің энциклопедиясы, дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың соңғы жүз жыл ішіндегі тәжірибесін қорытқандық. Оның Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезіндегі сөзі — дүние жүзіндегі барлық елдердің коммунистері үшін аса бағалы өсиет.

Дүние жүзіндегі барлық елдердің коммунистері сияқты,



Коммунизмнің ұлы құрылыстары — бүкілхалықтық іс

ШЕШУШІ УЧАСТОКТЕ

«Стройдың» механикаландыру басқармасының бас инженері Николай Петрович Коновалов ұзына бойдағы қоспаны нығайту жұмысын көктемгі су тасқынына дейін аяқтамақ, — онда бұған жұмсаған орасан көп еңбегіміздің бәрі босқа кетеді.

Ал, бұл ұзына бойдағы қоспаны нығайту үшін не істеу керек? Мұның үшін, ұлы орыс өзенінің барлық күші бір арнаға қосылған жерде, СЭС-тің үйінің котлованын сақтайтын қоспалардың бірін, су ағызатын бөгетті және шлюзді, қуатты металл шпунт дуалымен қоршап, суды сақтау керек болады, ал топырақ дамбаның еңкеулеріне қалың қиыршық құммен және таспен қаптау керек болады.

Алайда шпунт дуалдың өзі күрделі құрылыс. Ол, арқайсысының диаметрі он метрден келетін жүз металл үйдан және оларды біріктіретін жүз металл қалқалардан құралады. Әрбір үйді 80 шпунттан болады, арқайсысының салмағы біртоннадан келеді. Барлық шпунттар вагондардың автоматтық тіркеу ілгіндеріне ұқсайтын құрылғылармен мықтап біріктіріледі. Бұл дуал жерге 15—20 метр тереңдікте тұсірілуі тиіс. Ұялардың «төбелеріне» берік материалдар салынады. Волга мұндай төбелерін қозғай да алмайды, оны бұза да алмайды! Эскаваторшылардың, бетоншы-

лардың, монтажшылардың котлованда тыныш жұмыс істеуіне болады.

— Шпунтты аяқтағаннан кейін, — дейді Коновалов жолдас, — біз барлық күшімізді терең су ағарға жұмсаймыз.

Ең қиыны — жер астының суына қарсы күрес. Жер бетіндегі суды ағызу аяқталғаннан кейін, жер астының суы барлық жақтан көрінбейтін және мәлісіз жолдармен, құрылыс алаңына ағылады. Бұл суды тоқтату үшін, котлованның ішінде барлық топсалар бойына жүздеген терең артезиан насостарын, сол сияқты нәзік иелі-сүзгіш агрегаттар орнату керек болады. Бұлар топырақ арқылы өткен суды жыйнап алып, арнаулы коллекторлар арқылы электр қуатының көмегімен котлованнан тысқары шығарып тастайды. Бұл ұстановақтар құрылыс аяқталғанға дейін күні-түні тоқтаусыз жұмыс істеуге тиісті болады.

Кәзіргі уақытта Коновалов мұнда терең насостардың скважиналарын бұрғылаудың жаңа неғұрлым өнімді әдісін — су бұрғылау дейтін әдісті ойдағыдай қолдануда. Топырақты шаятын суды скважинаға өткізетін арнаулы гидробур дұрыс жағдайда скважинаны жай бұрғыдан жүздеген есе шапшаң бұрғылайды. Оған жердің тоңы да бөгет жасай алмайды.

Сталин жолдастың ілімі және Совет Одағындағы социалистік құрылыстың өнересі отыз жылдан артық уақыт бойына адамзаттың алып қадаммен алға басуына көмектесіп келді. Кәзір Совет Одағының қуатының өскендігі сонша, Қытай халық революциясының ұлы жеңіске жеткендігі сонша, халықтық демократия елдеріндегі құрылыстың зор табыстарға жеткендігі сонша, дүние жүзі халықтарының езушілікке және агрессияға қарсы қозғалысының ұлғайғандығы сонша, ал, біздің достық және бірлік майданымыздың нығайғандығы сонша — бізге ешқандай агрессия қорқынышты емес деп толық дәлелмен айта аламыз. Біз империалистік агрессияның қандай болса да талқандаймыз, сұрқиялық арадатушылықтың бәрі толық күйрейді.

Қытай мен Совет Одағы халықтарының ұлы достығы мызғымайды, өйткені бұл достық Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің интернационализмінің ұлы принциптеріне негізделген. Қытай мен совет халықтары, халықтық демократия елдерінің халықтары арасындағы достық, бүкіл дүние жүзінің барлық бейбітшіл, демократияшыл және әділетшіл халықтары арасындағы достық та интернационализмнің осы принциптеріне негізделген, сондықтан бұл достық та мызғымайды.

Бұл достық туғызған күштер ұнап-теңіз, сарқылмайтын және шын мәнісінде жеңімпаз күштер екені түсінікті.

Барлық империалистік агрессорлар мен соғыс ортін тұтадырушылар біздің ұлы достығымыз алдында қалтырай берсін! Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің ілімі жасасын!

Ұлы Сталиннің мәңгі өшпес есімі ғасырлар бойы жасасын! Пекин қаласы. («Правдадан»).

Құрылыста машиналар мен механизмдер көбеюде. Волгадан бес километр жерде, Волга-Урал каналы бойында, адымдұшы экскаваторларды құрастыратын монтаж участогі құрылды. Бұл жерге Волга-Доннан арнаулы теміржолмен, бөлшектелген қалпында «дала дрейфрут — ЭШ-14/65» үлкен адымдұшы экскаватор әкелінді. Социалистік Еңбек Ері Анатолий Усков бірінші майға дейін забойға түсу үшін, өзінің экипажымен бірге, боран соғып тұрған ашық далада машинаны шапшаң қарқынмен монтаждауда. Бұл жерде Сталин атындағы Ново-Браматорг завоында жасалған жақсартылған төрт текшеметрлік экскаваторлар құрастырылуда. Ерекше қуатты жаңа жердегі машиналар сағатына бір жарым мың текшеметр топырақ шығаратын Д—264 зор струг, он бес текшеметрлік шапшаң скрепер, ауыр универсалды бульдозер сыннан өткізілуде.

Көп ұзамай құрылыста жаңа қуатты агрегат — Волга арқылы аспапжол жасалды. Барлық құрылыс материалдары бұл жолмен оңжақ жағалаудан бас участкаға өткізіліп тұрады.

Құрылыс жұмыстарының қорытынды кезеңінде бұл жолдан Волгаға тас банкет — топырақ плотинаның негізі тасталады. Бұл плотина Волганың арасын біржолтта бөлеп, оның барлық суын турбиналарға және су ағызатын құрылысқа бағыттайды.

В. ОШЕЙКО,

«Сталинградгидрострой».

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Съезд материалдарын насихаттау

Құрамында 23 коммунисті бар Совет МТС-нің партия ұйымы партияның XIX съезінің жұмысы аяқталған күннен бастап оның қарарларын механизаторлар және Трудовое селосының жұмысшылары мен қызметшілері арасында кеңінен насихаттай бастады.

Өткен жылы ноябрь айында партия жыйналысында арнаулы мәселе қаралып, бұқара арасында съезд материалдарын насихаттау жөнінде нақтылы шаралар белгіленді. Мұнан кейін, бір айдан соң бастауыш партия ұйымы өзінің жыйналысында съезд материалдарын насихаттау ісінің барысы туралы тағы мәселе қаралды. Бұл мәселе партия бюросының мәжілісінде де жиі талқыланды.

Осының нәтижесінде село коммунистері механизаторлар мен село еңбекшілері арасында съезд материалдарын насихаттау ісінде біраз табыстарға ие болды. Бастауыш партия ұйымы съезд материалдарын насихаттау жөніндегі саяси-бұқаралық жұмысқа даярлығы мол жолдастарды, коммунистер мен партияда жоқ активтерді көптеп қатыстыруда. Олардың ішінде саяси-бұқаралық жұмыста тәжірибелері мол, жалпы білім дәрежелері жеткілікті МТС мамандары, село интеллигенттері және басқа жолдастар бар. Мәселен, бұқара арасындағы саяси жұмысқа МТС директоры Лымарь, бас агроном Борзаковский, бас инженер Лазарев, жетілдік мектептің директоры Молгэждаров, оқытушылар Фролова, Забела және басқалары, барлығы 10 адам қатысады.

Партия ұйымының секретары Сукачев жолдас механизаторлар, село еңбекшілері арасында «И. В. Сталин — совет халқының ұлы көсемі және ұстазы», «Еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыру жөнінде партия мен үкметтің қамқорлығы» деген тақырыптарда лекциялар оқыды. МТС-тің бас агрономы Борзаковский жолдастарға оқыған «Партияның XIX съезінің қарарлары мен социалистік ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетудің ұлы программасы» және «Табиғатты қайта жасаудың сталиндік программасы жүзеге асырылуда» деген тақырыптағы лекцияларын жұртшылық зор ынтамен тыңдады. Село еңбекшілері үшін ұйымдастырылған еңгімелер мен лекциялардың ішінде «Партияның XIX съезінің қарарлары және біздің елімізде коммунистік құрылыстың міндеттері», «Бесінші бесжылдықта еліміздің өнеркәсібінің өркендеуі», «Мәскеудің ауыл үйі» және басқа тақырыптар бар.

Бастауыш партия ұйымы ғылыми, ауыл шаруашылығы туралы кинофильмдер бағалау арасында, ол фильмдердің қысқашы

Бастауыш партия ұйымының үгіт коллективінде 11 коммунист және 10 комсомолец бар. Бұрын үгіт коллективінің жұмысында кейбір кемшіліктер орын алып келді. Үгіт-бұқаралық жұмысқа өндіріс озаттарын қатыстыру ісі кем болды. Көзір бұл кемшіліктер жойылуда. Үгітшілердің құрамында коммунист тоқарь Курьянцева, жұмысшы Белодед, механик Пожиткин және басқалары бар.

Аптасына бір рет бастауыш партия ұйымы үгітшілердің семинарын өткізеді. Онда еңбекшілер арасында съезд материалдарын насихаттау мәселесі талқыланады, таңдаулы үгітшілердің жұмыс тәжірибелері жыйнақталады.

Үгітші Базалева жолдас саяси үгітті ұйымдастыруда жақсы тәжірибелерге ие болды. Оның оңайлықпен өткізіліп өңгімесі ордан жергілікті фактілермен байланысты, мазмұнды өтеді. Ол соңғы бір семинарда өзінің тәжірибесін ортаға салды.

Партия бюросының мәжілісінде үгітшілердің есебі жиі тыңдалады. Үгітші-коммунист Курьянцева өзінің жұмысы жөнінде есеп берді. Партия бюросы Курьянцева жолдастың жұмысындағы кейбір жетістіктер мен бірге, оның кемшіліктерін ашып көрсетті. Ол өзінің өңгімесін тоқарьлар сөзінің алында тұрған көзекті міндеттермен пашар байланыстырған. Бюро мәжіліс бұл кемшіліктерді қалай жою жөнінде үгітшіге кеңес берді.

Көзір Курьянцева жолдас өзінің жұмысын айтарлықтай жақсартты. Тоқарьлар цехының жетекшілері аптасына екі рет үгітшінің өңгімесіне жыйналады. Үгітші «Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жаңа бесжылдықта» деген диаграммамен бесінші бесжылдық жоспар жөнінде өңгіме өткізіп жүр. Цех өндірістік тапсырманы соңғы кезде үнемі артығымен орындай келеді. Бұған үгітшінің қосқан үлесі зор.

Партия ұйымы саяси-бұқаралық жұмыстың дәрежесі жоғары болуы үгітшілердің саяси шынығуына байланысты екенін жақсы біледі. Үгітшілердің бәрі де партияның XIX съезінің материалдарын үйретіп үйірмеде оқып жүр.

Дегенмен, бұқара арасындағы саяси-үгітті ұйымдастыруда кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Партия ұйымы әлі де болса барлық үгітшілердің жұмысқа белсене қатысуына, бәрінің де өңгімелері мазмұнды болуына жетісе алмай келеді. Мұнда тек қағаз жүзінде ғана есептеліп жүрған үгітшілер де жоқ емес.

Өзінің жұмысындағы кейбір кемшіліктерді дереу жою, саяси үгітті оған әрі кеңінен ұйымдастыру арқылы бастауыш партия ұйымы көктемгі егіске әзірлікті

Көктемгі егісті толық әзірлікпен қарсы алу — бүгін таңдағы кезек күттірмейтін міндет

Суворов МТС-інде машиналар дала жұмыстарына нашар әзірленуде

Көктемнің шығуына ошаға көп уақыт қалған жоқ. Демек, енді бір аздан кейін мол өнім жолындағы күрестің ең жауапты кезеңі — егіс жұмыстары басталады. Алайда, Суворов атындағы МТС-тің басшылары көктемгі егіс қамын жете ойластырмай, машина-трактор паркін дала жұмыстарына нашар әзірлеуде.

Мұнда, әсіресе, тракторларды жөндеу ісі өте нашар ұйымдастырылған. МТС-те осы жылғы 10 мартқа дейін трактор жөндеудің жоспары небары 60,4 процент ғана орындалды. Ал, январь, февраль айларында мұнда трактор жөндеудің саны мен қарқыны бұрынғыдан да бәсеңдеп кетті. Бұл айларда трактор жөндеу жөнінде тағайындалған тапсырма орындалмай қалды.

МТС-те жөндеу жұмыстарының нашар жүргізілуінің басты себебі неде? МТС директоры Мотыгин, бас инженер Небывайлов жолдастар жөндеу жұмысының нашар ұйымдастырылуын қосалқы бөлшектердің жеткіліксіздігінен деп дәлелдеуге тырысты. Бұл мүлде дұрыс емес. Олай болса, трактор паркін дала жұмыстарына нашар әзірленуінің негізгі себебі — МТС басшыларының жайбарақаттыққа салынып, мұндай маңызды науқанға жеткіліксіз басшылық жасауында, мастерскойда еңбек тәртібінің жоғра қойылмауында. Осы себеппен механизаторлар көбінесе жұмыссыз босқа қарап жүреді. Ал, механиктер әрбір цехтар мен жұмыс орындарына күндіз норманы уақытылы жеткізіп, олардың үдіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етпейді.

Мәселен, мотор жөндеушілер цехы нінді валдар мен поршень бөлшектерінің жоқтығынан жұмысты нашар істеп жүр. Нінді валды Чистов совхозынан, поршень бөлшектерін Мамлют жөндеу зауытынан алуға ұйғарылған еді. Алайда, МТС бұл бөлшектерді күні осы уақытқа дейін алмай келеді. Жуырда МТС механигі Мамлют жөндеу зауытына барып, аталған бөлшектерді ала алмай келді. Өйткені, оларды алуға МТС-тен қаражат бөлінбеген. Осы сыяқты, «ДТ-54» тракторының моторлары нінді валдың және ішпектің болмауынан жөндемей тұр.

МТС-те механизаторлардың өнімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілмей келеді. Механизаторлардың бір қатары мастерскойда жұмыс істегеннен гөрі колхозда, үйлерінде көбірек болады. Мұның өзі мастерскойда еңбек өнімділігінің төмендеуіне, тракторлардың балу жөндеуіне әкеліп соғып отыр. Механизаторлардың жеткіліксіздігінен түгелдей жөнделіп біткен тракторлар жыйналмай қалады.

МТС-те цехтар мен жұмыс орындары арасында байланыс жоқ. Мастерской меңгерушісі Киришкин жолдас әрбір цехтың, тораштың және әрбір механизатордың еме-на сайын өнімді жұмыс істеуіне жағдай жасап отырмайды. Оларға жөндеу құрал-жабдықтары мен материалдар кезінде жеткізіліп берілмейді. Сол сыяқты, мастерскойда дұрыс жабдықталмаған. Оның іші суық, жұмыс істеуге тым қолайсыз.

Жоғарыда жөндеу жұмысы бөлшектердің жеткіліксіздігінен балу жүргізіліп отыр дедік. Бұған МТС басшылары тікелей кінәлі. Өйткені, олар тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге қажетті бөлшектерді күні ілгері дайындап, жеткізіп алудың қамын жасамайды. Жөндеу жұмысы жайымен командировкаға барған механиктер берілген тапсырманы

орындамай келеді. МТС дирекциясы ондай адамдарға ешбір шара қолданбай бейқам отыра береді. Міне, бұл жағдай МТС-те жөндеу жұмысының әрі балу, әрі сапасыз жүргізілуіне әкеліп соғып отыр.

МТС-те жөндеу жұмысының сапасын үшін күрес жеткіліксіз. Механиктер трактор бөлшектерінің жөндеу сапасын күнбе-күн бақылап отырмайды. Тракторларды жөндеп, жыйнау кезінде механиктер жұмыс басында болмайды. Жөндеуден өткен тракторлар механиктерсіз қабылданады. Мұның өзі тракторлардың сапалы жөндеуіне мен нұқсан келтіріп жүр. Дала жұмыстарына толық әзір етілді деген тракторлардың біразынан ақау кездесіп, екінші рет жөндеуге қойылады.

МТС-те ауылшаруашылық машиналарын жөндеу ісі де мөз емес. Мұнда плуг, культиватор, луцильник жөндеу жоспары 10 мартқа дейін 66,6 процент ғана орындалды. Ауылшаруашылық машиналарының жөндеу сапасы өте-өте нашар.

Көктемгі егістің агротехникалық қолайлы мерзімде өтіп, мол өнім негізінің қалауы машина-трактор паркін дала жұмыстарын тыңғылықты атқаруына байланысты. Олай болса, Суворов атындағы МТС-тің басшылары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің сапалы жақсартып, қарқынын арттырып, техниканы көктемгі дала жұмыстарына тыңғылықты әзірлеуге міндетті. Бұл үшін қосалқы бөлшектерді жеткілікті дайындап, жөндеу ісінде тораштық әдісті кеңінен қолдану қажет.

Г. НЕСПРЯДЬКО,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының бас инженері.

Жайбарақат отыр

Привезім ауданындағы Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелиде көктемгі егіске әзірлік жұмыстары мүлде қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді.

Мұнда еңалдымен қолда бар тұқымдық дақылдарды тазалау ісі өте нашар. Бұл жұмысқа колхозшылар жеткілікті бөлінбеген. Дән тазартушы машиналары жұмыста тиімді пайдаланылмайды. Оның үстіне осы колхозды қамтытын участоктік агроном да тұқым тазалау ісіне басшылық бағындау жасамайды. Ол тазалау

Бұл мән бермеушілік

Быйыл Полудень ауданының колхоздарында агро-зоотехникалық курстарда 500-ге жуық колхозшылар оқуға тиіс. Бірақ, ауданда колхозшылардың оқуы дұрыс ұйымдастырылмай отыр. Көптеген колхоздарда агро-зоотехникалық курстарда сабақ белгіленген күндері өткізіліп тұрмайды. Ал, болған күннің өзінде сабақ әзірліксіз және идеялық төмен дәрежеде өткізіледі.

Бұған бірнеше фактілер көрсетейік. Ау-

дәрежеде өтіп тұруын агрономдардан талап етпейді. Міне, соның салдарынан агроном Оверченко жолдас курста сабақ өткізуге жеңіл-желпі қарап жүр.

*Айта кету керек, колхозшылардың оқуына басқарма мүшелері де мүлде көңіл бөлмейді. Мұнда колхозшылардың оқу оқып, білім алуына жағдай жасалмаған. Осы күнге дейін белгілі бір оқу үйі жоқ. Сол сыяқты, тыңдаушылар оқулықтармен де жеткілікті қамтамасыз етілмеген.

Бұған бірнеше фактілер көрсетейік. Ау-

Чехословак Республикасының Президенті Клемент Готвальдтің науқаспануы туралы

ҮКМЕТ ХАБАРЫ

ПРАГА, 13 март. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігі Чехословак Коммунистік партиясы Орталық Комитеті президиумы мен Чехословак Республикасы Үкметі Президиумының хабарын берді. Онда былай делінген:

12 мартта таңертең Республика Президенті Клемент Готвальд жолдастың өкпесі талауратып, ауыр түрдегі плевритпен науқастанды. Температурасы кешке — 37,7 градус болды, тамырдың соғуы минутына 108, қанның қысымы: жоғарысы — 120, төмені — 80. Клемент Готвальд жолдасы емдеу үшін қажетті шаралардың бәрі қолданылды және қолданылуда.

Бюллетеньге Президентті емдейтін дәрігерлер қол қойған.

Республиканың Президенті Клемент Готвальд жолдастың науқаспануы туралы хабар Москваға партияның Президиумы мен Үкметке түнде жеткізілді, бұлар науқасты емдеуге және оның барысына зор көңіл бөлуде.

Денсаулық жайы және емдеудің барысы туралы медициналық бюллетеньдер жарияланып тұрады.

БЮЛЛЕТЕНЬ

ЧЕХОСЛОВАКИЯНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ КЛЕМЕНТ ГОТВАЛЬДТІҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ

1953 жылғы 13 марттағы сағат 16-да

ПРАГА, 13 март. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігі мынаны хабарлады:

Чехословакия Коммунистік партиясының Председатели және Республиканың Президенті Клемент Готвальд жолдастың денсаулық жайы 13 мартта таңертең қан қысымының кенеттен төмендеуі және қан айналысының жалпы әлсіздігі салдарынан нашарлай түсті. Емдеу шараларын жедел қолдану нәтижесінде қан айналысының жалпы әлсіздігінің онан әрі күшеюі тоқтатылды. Дегенмен Клемент Готвальд жолдастың денсаулық жайы ауыр күйде қалуда. Қан айналысының әлсіздігін жоюға барытталған емдеу шаралары жүргізілуде.

БЮЛЛЕТЕНЬ

ЧЕХОСЛОВАКИЯ ПРЕЗИДЕНТІ ГОТВАЛЬДТІҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ

ПРАГА, 13 март. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігі Президенттің 13 марттағы сағат 21-дегі денсаулық жайы туралы Президент Готвальдті емдеуші дәрігерлер қол қойған бюллетеньді жариялады.

Клемент Готвальд жолдастың денсаулық жайының кенеттен нашарлауы 13 мартта

қасын жүзеге асыруда. Мұндай әңгіме-лерте ғылым мен техниканың, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының табыстары айтылады.

қарамен байланысын күшейте беруді қажет.

С. ӘБІШЕВ.

Совет ауданы, Трудовое селосы.

Қостанайлықтарға іспен жауап беруде

Қостанай облысы, Свердлов, атындағы колхоздың комсомолдері мен жастары колхоздың көктемгі өгіске үлгілі әзірленуіне зор көмек көрсете білді. Олар республикамыздың комсомолдері мен жастарын көктемгі өгіске әзірлік жұмыстарына белсене қатысуға шақырып, үндеу жазған-ды. Қостанайлықтардың шақыруына Октябрь ауданындағы «Қызыл ту» колхозының комсомол-жастары іспен жауап беруде.

Мектеп комсомолдері демалыс күндері өгіс алаңына қар тоқтату, тұқым тазарту,

жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау жұмыстарына қатысады. Олар бір күнде 55 гектар өгіс алаңына қар тоқтатып, бірнеше центнер тұқымды өңгіштік дәрежеге жеткізді. Сол сыяқты, жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау да өнімді еңбек етуде.

Комсомолдер мал азығын тасу, мал күту жұмыстарына да қатысады. Олар мал өсірушілерге газет, журналдарды оқып, елімізде болып жатқан жаңалықтарды айтып, әңгіме өткізеді.

Т. МӘЛГӘДЖАРОВ.

ған тұқымның сапасын күнбе-күн тексеріп отырмайды. Осының салдарынан колхозда қуылым 2 мың центнер тұқымдық дақылды тек біраз бөлегі ғана тазаланған.

Колхозда 10 ат плугі, 60 тырма, 4 ат саялқасы бар. Міне, осы ауылшаруашылық курал-саймандарының бұл күнге дейін бірде-бірінің толық жөндеуден өтпегендігін сөз қылмағанын өзінде, мұндай өгістік учаскторге қар тоқтату жұмысы қыс бойына мүлде жүргізілмеді десе де болады.

Колхоз басшылары көктемгі өгіске әзірліктегі кемшіліктерді дереу жойып, мұндай аса маңызды науқанды үлгілі өткізуге әзірлікті таяу күндерде аяқтауы керек.

**А. ҒАБДУЛЛИН,
М. МҰХАМЕТҚАЛИЕВ.**

данның басқа колхоздары сыяқты агро-зоотехникалық оқу «Путь к коммунизму» колхозында да ұйымдастырылды. Ал, ірестің жұмысын басқару және онда сабақ өткізу Ново-Георгиевка МТС-нің аға агрономы Оверченко жолдасқа жүктелді.

Міне, оқу жылы аяқталуға жуық отыр. Солай бола тұрса да аталған колхозда агро-зоотехникалық оқу жолға қойылмай келеді. Сабақтың идеялық төмен дәрежеде өтетіндігін айтпағанның өзінде, мұнда сабақ оқта-текте ғана өтеді. Осы уақытқа дейін курста бар болғаны 7-ақ рет сабақ өткізілген. Оның себебі колхозшылардың оқушының дұрыс ұйымдастырылуына, сөйтіп, олардың жүйелі білім алуына колхоз, МТС басшылары, аудандық ауылшаруашылық бөлімі де жете мән бермей, нашар басшылық жасап отыр. Олар сабақтың үздіксіз идеялық жоғары

«Красный Октябрь» колхоздарында да дәл осындай. Булардың әрқайсысында зоотехникалық топ бар. Ол топтарда сабақ өткізуге зоотехниктер Винеев, Гайворон жолдасстар бөлінген болатын. Алайда, олар сабақты мезгілінде өткізіп отырмайты. Осы уақытқа дейін әрбір топта 32 рет орнына, шебары 6—7 реттен ғана сабақ өткізілген.

Колхозшылардың оқып, білім алуға деген ынтасы өте зор. Бірақ, топтың жұмысы олардың мұндай заңды тілегі дәрежесінде болмай отыр.

Ол-ол ма, ауданның «Красное звезда» колхозындағы агро-зоотехникалық курста сабақтың өткізілмегеніне міне екі айдал астам уақыт өтті. Ал, аудан және МТС басшылары сабақ өткізетін «маман зоотехник жоқ» деген бөгде себепті бетке ұстап келеді. Бұл тіпті де шыңдыққа жанаспайды. Өйткені, агро-зоотехникалық курстарда сабақ өткізуге ауданда маман кадрлар жеткілікті.

Ендігі жерде аудан басшылары колхозшылардың ұшқылдық оқуына қамқорлықты күшейтіп, агро-зоотехникалық курстарда оқу программасының толық меңгерілуі үшін тиісті шаралар қолдануға тиіс.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Жете көңіл бөліңіз

Ауыл шаруашылығының озат техникасын пайдалану ісінде механизатор кадрларды даярлаудың маңызы зор. Сондықтан да Майбалық МТС-і жанында тракторшыларды даярлайтын мектеп ашылып, оған бірқатар адамдар тартылған-ды.

Алайда, механизатор кадрларды даярлау ісіне Калинин атындағы колхоздың басшылары жете мән бермей келеді. Рас, бұл колхоздың басшылары бірнеше адамды тракторшылардың оқуына бөлді. Бірақ, солардың оқуына колхоз басшылары тарапынан ешқандай көмек көрсетілмей отыр. Болашақ тракторшылар жатақ үймен қамтамасыз етілмеген. Осының салдарынан олар оқуға оқта-текте қатысады.

Колхоз басшылары курске жіберілген адамдардың оқуына қолайлы жағдай жасауы керек.

С. ЖУМИН.

гаңтерек көкірек сарайына қан құйылды ма деген сезік тудырды. Денсаулық жайы мүмкіндік берісімен-ақ байқау ретінде көкірек клеткасын сәл кесіп, сұйық қан алынды. Консилиумға хирургтер шақыру ұйғарылды. Емдеу шаралары жүргізілуде. Денсаулық жайы сол күйінде қалуда.

Кореядағы оқыйғалар

**ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ**

ПХЕНЬЯН, 13 март. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні американо-ағылшын интервенттеріне және лисыманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізді деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дүшпанның 4 самолетін атып түсірді.

Итальян теміржолшыларының жаппай ереуілі

РИМ, 13 март. (СОТА). Жалақыны арттыруды талап еткен 200 мың итальян теміржолшыларының ереуілі әлі болып жатыр. «Унита» газетінің хабарына қарағанда, теміржолшылар барлық жерлерде де жұмысты тоқтату керек деген Бүкіл итальян еңбек конфедерациясы мен «Итальян еңбек одағының» шақыруын бірауыздан қолдаған. Бірнеше провинциялардың кейбір станциялары мен кәсіпорындарында теміржолшылардың 90—99 проценті ереуіл жасауда.

Ереуілді бүлдіруге әрекеттеніп, жол қатынасы министрлігі өзінің «төтенше жоспарын» әзірлеген. Министрлік күн сайып итальян теміржолдарында жүріп тұратын 6 мың поездан бірнеше жүз поездарды төтенше жолға шығуға әзірлеген, алайда осы «төтенше» поездардың болмашы бөлегі ғана сапарға шығуға әзер дайын болған.

Үкметтің баспасөз орындары ереуіл жасаушыларды әдейі үрейлендіру мақсатымен теміржолшылар мен олардың кәсіподақ ұйымдарына қарсы зұлымдық жалакорлық науқан ашып, қорқытуға тырысуда.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕТЖАНОВ.**

Облысымызда

Оқушы қыздар арасындағы тәрбие жұмысы

Еңбек орта мектебінде (Ленин ауданы) қыз балалар арасындағы тәрбие жұмысына ерекше мән беріліп, тиісті жоспар бойынша айына бір рет қыз балалар жыйналысы өткізіледі. Онда «Қазақ қыздарының революцияға дейінгі жайы», «Қазақ әдебиетіндегі әйелдердің бейнесі», «Әлия мен Мәншүктің ерлігі» тағы басқа тәрбиелік маңызы бар тақырыптарға баяндамалар жасалады.

Қыз балалар үшін «Ғылым шыңына» атты қабырға газеті және фотомонтаж шығып тұрады.

Оқушы қыз балалар арасындағы оқу-тәрбие жұмысының жақсаруы арқасында 20-дан астам қыз балалар оқуды «4» пен «5»-ке оқумен бірге, мектептің қоғам жұмысына белсене қатысатын болды.

Ә. БАҒРАМОВА.

Ауылдық радио торабы

Сталин атындағы колхозда (Булаев ауданы) радио торабы бар. Оның меңгерушісі Қазенов жолдас уақытты ұқыпты пайдаланып, колхозшылардың тағайындалған мезгілде радио тыңдауын қамтамасыз етіп жүр.

Колхозшылар жұмыс уақыты біткеннен кейін Москвадан, Алматыдан түрлі әндер тыңдайды, жаңа хабарларды естиді, сөйтіп, мәдениетті түрде дем алады.

Қ. САЛЫКОВ.



Хоккей бойынша қала кубогін жеңіп алу үшін болған жарыс «Пищевик» спорт қоғамы командасының жеңісімен аяқталды. Суретте: «Пищевик» және «Электрик» командаларының арасындағы ойын. Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Орыс хоккейі бойынша қалалық жарыс

Жуырда қала физкультурашылары еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауы күні құрметіне орыс хоккейінен қалалық кубок алу үшін хоккей жарысын өткізді. «Локомотив» стадионында «Динамо» командасы 1952 жылы қалалық кубокті жеңіп алған «Локомотив» ерікті қоғамының командасымен кездесті. Жарыста 5:2 есебімен теміржолшылар командасы жеңіп шықты.

Бұл күні «Динамо» стадионында да

хоккей жарысы өткізілді. «Молот» спорт клубының командасы 1953 жылы орыс хоккейінен қалалық кубокке ие болған «Электрик» командасымен ойнады. 8:1 есебімен Киров атындағы заводтың «Электрик» ерікті спорт қоғамының хоккейшілері жеңіске ие болды.

Соңғы шешуші жарыста «Пищевик» командасының хоккейшілері «Электрик» командасын жеңіп, қала кубогін жеңіп алды.

Колхоздың оқу үйі

«Қазақстанның 30 жылдығы» (Октябрь ауданы) колхозының оқу үйі бұл күндері мәдени-ағарту жұмысының орталығына айналды.

Оқу үйінің жанында колхоз активтерінен ұйымдастырылған лекторлар тобы жұмыс істейді. Олар колхозшыларға әртүрлі тақырыпқа лекциялар, газет, журналдардан жаңа хабарлар, әңгімелер оқып береді.

**Е. МҰХАМЕДЖАНОВ,
Н. ЖҰМАҒАЗИН.**

Қарт хат тасушы

Калинин атындағы колхозда (Преснов ауданы) Божяков Шалабай қарт онбес жылдан бері хат тасушы болып істейді. Ол өз міндетіне үлкен жауаптылықпен қарап, колхозшыларға хат-хабарды уақытылы жеткізіп тұрады.

Хат-хабар тасу жұмысының дұрыс жолға қойылуы арқасында колхозды ауыл жұртшылығы газет, журналдарды деркезінде алып тұрады.

К. БЕЙСЕНБИН.

КОНЦЕРТ БЕРДІ

Молотов атындағы жетіжылдық мектептің (Совет ауданы) оқушылары мен оқытушылары колхозшыларға концерт берді. Концертке көп адам жыйналды. Программада Сталин туралы, Отан туралы әндер мен қазақтың халық композицияларының күйлері орындалды.

Қ. ҚАНАФИН.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«МАКСИМКА»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«БЕРЛИННИҢ ҚҰЛАУЫ»

Сеанс 4-те басталады.

Касса сағат 3-тен бастап ашық.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.